

 **ИҚБЫН** 

Қазақтың бәрі - қимас жақыным

Ата-бабам істемеген қызметті атқардым, олар көрмеген сый-құрметті, жақсылықты көрдім, олар жетпеген дәрежеге жеттім. Қай жұмыста да қазаққа қызмет етуден артық міндет жоқ деп білдім. Абыройсыз болғаным жоқ. Елімді таныдым. Елім мені таныды. Мырзекең атандым. Кезінде мені танып, елдіктің қызметіне жарайды деп сол лауазымды қызметтің бәріне тағайындаған - Нұрсұлтан Назарбаев. Осынысы үшін Нүрекеңе ризамын.

Ең қиын кезеңде Елбасының жанында болдым. Жауапты жылдарды, ел үшін, келешек үшін түн ұйқы төрт бөлінген ауыр жылдарды бірге өткіздік. Елге де, ерге де сын болған сол бір жылдарда халықты адастырмай алып шығу - ердің еріне, азаматтың ақылы мен арына артылған ауыр жүк, тарихи аманат еді. Біз бұл міндетті абыроймен орындап шықтық. Менің барлық саналы өмірім ұлтқа қызмет етуге арналып келеді.

Елші болып кеткенімнің жайына келетін болсақ, кез келген мемлекет өзінің еларалық саясатын елшілері арқылы жүргізеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елімізде кәсіби дипломаттар жоқтың қасы еді. Сондықтан Президент елші етіп мемлекет ісінде ысылған, қоғам таныған кісілерді жіберді. Менің, Олжастың, Қуаныштың елші болып кетуіміздің бір себебі осында.

- Сіз Күлтегін жазбалары арқылы қазақтың тарихын сан ғасырға ары жылжиттыңыз. Мемлекеттік қызметке араласуыңыз бойыңыздағы ғалымдық-зерттеушілікке кедергі болған жоқ па?

- Жоқ, мемлекеттік қызмет ғылыми-зерттеу жұмыстарыма кедергі болған жоқ. Керісінше, мемлекеттік қызмет ой-толғамымның өсіп-кемелденуіне, ғалым ретінде толысуыма, кең өлшеп, кең пішуіме, зерттеулерімнің бәрін де ұлт мүддесіне бағыттауға игі ықпал-әсерін тигізді. Ұлтқа керек, келешек ұрпаққа керек сөзді мен кейінірек, лауазымды қызметте жүргенде көбірек жаздым. Монографияларым, эсселерім, ғылыми мақалаларым, ой-толғаныстарым - бәрі де тәуелсіздік тағылымына, кісілікке, адамгершілікке, ынтымақ-бірлікке, ұлт мүддесіне, болашақ ұрпаққа арналып келеді. Қазақтан өзге менің қызығым да, қасиетім де, қымбатым да жоқ. Қазақтың жақсысы да, жаманы да, жалқауы да, аңқауы да - бәрі де қимас жақыным.

- Сол үрдіс 1988-90-жылдары қайта жаңғырды. Ол кезде сіз Қазақстан КП ОК идеология бөлімі меңгерушісінің орынбасары, бөлімнің меңгерушісі болып қызмет атқардыңыз.

- Ол кезеңде аз жұмыс атқарғанымыз жоқ. Ереуіл атқа ер салдық. Күндіз-түні қалың елдің ортасында, солардың қамында жүрдік. Еңбек нәтижесіз болған жоқ: Ата тарихымыз тірілді, Алаштың рухы оянды. Халқымыздың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі қайта жаңғырды. Айтыс асқақтады. Ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Кейінгі кезде осы үрдіс бәсеңсіп қалған секілді. Қалың қазақтың көкейінен шығатын, қамын жейтін идеология әлі қалыптаспай жатыр. Идеология - саясат, тәрбие құралы. Ол заманына сай

болуы тиіс. Оны у-шуға, шоуға айналдыруға болмайды. Идеология - дәстүр, оны ұлттық дәстүрдің тамырынан ажыратуға болмайды. Идеология - өткір қару, абайлап ұстау керек. Оған пайым, салмақ, сабырлылық керек.

Қазақстанға ең алдымен қазаққа қызмет ететін идеология қажет. Адамзат өркениетіне де біз ұлттық тарихымызбен, заманға бейімделген ұлттық санамызбен, қазақы болмысымызбен қосылуымыз керек.

Жаңа мемлекет орнаттық деп, бұрыннан келе жатқан, әбден қалыптасқан, халықтың санасына ұялаған оңды үрдістерді кезінде жоя берудің жөні жоқ. Заманында қайраткерлерімізді үнемі ынталандырып келген еңбек сіңірген артист, халық артисі, халық жазушысы, ғылымға, өнерге еңбегі сіңген қайраткер деген атақтардың жойылып кеткені дұрыс болмады. Соның салдарынан бүгінде бала-шаға да, етікші де, егінші де қайраткер. Еңбек Ері дейтін атақ ұлт көсеміндей болған Салық Зимановқа да бұйырмады, тоқсанға таяған Әбдіжәмил Нұрпейісовке де, сексенге аяқ басқан Олжасқа да, Асанәліге де бұйырмай жүр.

Жұрт жаппай мемлекеттік тілмен айналысқанымен, тілдің де көсегесі көгере қойған жоқ. Қазақтың байтақ, бай тілі, ақындықтың, кемеңгерліктің, даналықтың тілі, кешегі жыраулардың тілі бүгінде шұбарланып, байырғы шешендік ортасынан алыстап, ажарсызданып, бірте-бірте аударма, ақпарат тіліне айналып бара жатқан секілді. Билікте жүрген кейбір кісілердің теледидардан сөйлеген сөзіне де түсіне бермейтін болдық. Осының бәрі елімізде арнайы идеологиямен айналысатын, қоғамдағы құбылыстарды екшеп, Елбасымен ой бөлісіп отыратын, жұрттың пікірін жеткізіп отыратын, елдіктің мәселесін шешетін кісінің жоқтығынан деп білемін.

- Тарихшылар тарихты саясаттан тазарту керек дейді. Ол мүмкін бе? Қазіргі кезеңнің саясатсыз болмысын қалай елестетесіз?

- Біз Тәуелсіз мемлекеттің, жаңа заманның жаңа тарихын жазуымыз керек. Мен осы мақсатпен Елбасының қолдауымен соңғы бес жылдан бері үздіксіз жалғаса беретін Тәуелсіздік шежіресін әзірлеп келемін. Оның бүгінде отыз бес томы жарық көрді. Келешекте бұл томдар Отан тарихын жазамын дейтін мамандар үшін, ұрпақ үшін өте бағалы әрі таптырмайтын деректану материалдары болады.

Біле білген кісіге саясаттан тыс қоғам да, мемлекет те, тарих та болмайды. Саясат - ел тарихының айнасы. Кез келген елдің тарихын сол елдің азаматтық тарихы, яғни тұлғалар тарихы, экономикасының, мәдениетінің, саясатының тарихы құрайды. Сондықтан ел тарихын саясаттан түгел тазартамын деп әуре болмайық. Халыққа жансыз тарихтың керегі жоқ. Екінші жағынан тарихты бүтіндей саясатқа да айналдырып алмауды қатты ойлаған жөн.

- Ел ішінде қазір зиялыларымыз жалтақ болып бара жатыр деген пікір айтыла бастады. Зиялыларымыздың мінезіндегі өзгерістер Елбасымызды тарих көші - замана көші тізгінінде жалғыз қалдырып қойған жоқ па?

- Кез келген мемлекеттің, ұлттың әлеуметтік келбеті сол елдің сол замандағы қалыптасқан тарихи, саяси, қоғамдық ахуалына сай болады. Түрк

қағанаты кезінде, Қазақ хандығы тұсында елді хандар, билер басқарды. Елдікке қатысты мәселенің қай-қайсысын да хандар билермен, жыраулармен, солар арқылы елмен ақылдасып, келісіп шешіп отырды. Ондай саясаттың ең биік үлгісін Абылай хан, Бұқар жырау, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің заманынан анық көреміз. Ол заманда билік сөзді ұқты, сөзге тоқтады. Билік елдің кеңесіне айналды.

Бүгінде заман да, қоғам да, адам да өзгерді. Елбасының мәдениет қайраткерлерімен жылына бір рет кездеседі. Одан өзге зиялыларын іздеп, олармен ақылдасып отырған адам аз. Ұлттың тарихын, елдіктің заңдылығын, үлкеннің, кішінің қадірін білмейтін, мемлекеттің тілін білмейтін, зиялысымен тілмаш арқылы сөйлесетін мемлекеттік қызметкерлер қаптады.

2005 жылы Елбасы қазақ мемлекеттігінің тарихында тұңғыш Ақ Орда салып, оның салтанатты ашылуына арнайы Ақселеу, Әбіш үшеумізді шақырды. Сол тарихи сәтте үшеуміздің атымыздан мен сөйлеп, Елбасына құтты болсын айтып, бата бердім. Ертеңіне:

- Тарихқа қазақтың үш биі қайта келді, - деп жұрт шу ете түсті.

Расында да, солай еді. Дәм үстінде Елбасы сол кездегі Мемлекеттік хатшы О.Әбдікәрімовке: - Билер кеңесінің Жарғысын тез бітір. Үшеуінің (мені, Әбішті, Ақселеуді нұсқап) жалақысын өзім шешемін. Президент қорының есебінен бөлім құрып бер. Бұл кісілер елмен жұмыс істейді, - деді.

Осыдан кейін екі-үш күн Әбіш, Ақселеу, Оралбай төртеуміз Билер кеңесінің Жарғысын әзірледік.

Сол жылдары Елбасы қоғамдағы, ел ішіндегі бүгінгі қалыптасқан ахуалды қадағалап отыру үшін, ұлтқа байланысты мәселелерді реттеп отыру үшін, елмен тиянақты, жүйелі жұмыс істеу үшін Билер кеңесін құрамын деп еді, аяқсыз қалды. Бұл да сол қазақша білмейтіндердің, елмен ісі жоқ кейбір билікте жүргендердің ісі ме деп ойлаймын. Өздерің айтып отырған Елбасымызды зиялылардан бөліп, замана көші тізгінінде жалғыз қалдырудың бір мысалы - осы.

Мен соңғы екі ғасырдың тоғысындағы қазақ зиялыларынан Ақселеу Сейдімбекті ерекше атаған болар едім. Ақселеу қазақ үшін, оның тарихы үшін, ұлт мүддесі үшін, ұрпақтың келешегі үшін, тіл үшін, қоғам үшін күйіп-пісіп, торғайдай шырылдап жүрді. Ұлт мүддесіне арнап том-том монографиялар жазды. Не керек, керең дүние Ақселеудің үнін естімеді. Ақпарат құралдарындағы ұрпақты бұзатын қатыгездікпен, жезөкшелікпен, әдепсіздікпен күресіп-ақ бақты. Сөйтіп: «Құдайға дауысым жетпейді, Билікке сөзім өтпейді. Көктегі күнге, жердегі адамға мейірім қанбады» деп дүниеден өтті, жарықтық. Қандай өкінішті! Қазіргі зиялы дейтіндерінің бәрі де сол Ақселеудің күйін кешіп келеді.

Бүйте берсе, ақыл да азаяды, қоғам да азады. Түбінде мұның да бір зауалы болады...

- Осыдан екі жыл бұрын сіз басқарған мекеме Президент орталығы болып өзгерді. Ел ішінде бұл жайлы әрқилы пікір бар. Сіз қайда жүрсіз?

- Менің Орталықтан кеткеніме жыл да толған жоқ. Бірақ халық әлі күнге шарқ ұрып мені сол жерден іздейді. Іздейтіндей де бар еді. Мен

барғалы өліп қалған Орталық тіріліп, оның іші түгел қайта жаңғырып, алтын сарайдай жарқырап, музей қайта жасақталып, ата-бабадан қалған асыл мұралармен толығып (Абылайдың алтын зерлі қамқа тоны, Қаз дауысты Қазыбек бидің шапаны, Түрк қағанатының жәдігерлері, Сақ Ата заманының асылдары), кірсе шыққысыз шын мағынасындағы қазақ мәдениетінің алтын ошағына, жұрт ықыласпен бас қосатын, жарасымдылықтың, кісіліктің, сыйластықтың, өнердің, ұлт руханиятының ордасына, шетел басшыларының бас сұғып тамашалайтын алтын ұясына айналып еді. Ел-елден, жер-жерден тарихымыздың талай асыл мұраларын жинап едім. Жаңа заманның жаңа тарихын жасауға кірісіп едім. Онымды Елбасы мақұлдаған еді. Берелден табылған Сақ көсемінің жерасты мавзолейін де қалпына келтірген едім. Ол да ашылмай қалды. Соның бәрі әдіра қалды. Орталықтың шамы қайта сөнгендей болды. Үйреніп қалған қазақ зиялылары сенделіп ортасыз қалды. Елбасының тапсырмасымен осында ашылған тұңғыш Ұлттық дәстүрлер театрының да, жұрттың көзайымына айналған Ұлт аспаптары ансамблінің де, тамаша бишілер тобының да тағдырын ойлаған кісі болмады.

Президенттік мәдениет орталығының концерт залында үздіксіз өтіп жататын жұртты толғандырған, көптің көкейінен шыққан, тәрбиелік мәні зор менің дәстүрлі авторлық кештерімді де көпшілік әлі күнге аңсап жүр.

Астаналықтарға, Астана қонақтарына, күллі қазақстандықтарға мүлтіксіз қызмет етіп тұрған, елдің ажарын кіргізіп тұрған Орталықтың осындай халге неге душар болғанын түсіндіру қиын.

Әңгіме менің ол жерден кеткендігімде емес, мәселені бұлай шешуге болмайтындығында. Өзім болсам, құдайға шүкір, Отанымның төрінде, жақсылардың ортасында «елді аман ет» деп жүріп жатырмын.

- Аға, әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан

Гүлбаршын АЙТЖАНБАЙ